



Ақмешіт

15 наурыз
сейсенбі
№21 (1826)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ҚАНТ

ЖЕТКІЛІКТІ БОЛСА, БАЙБАЛАМ НЕДЕН ТУДЫ?

Елімізде соңғы күндері қант тапшылығы туралы жиі айтыла бастады. Әсіресе әлеуметтік желілерде азық-түлік бағасы күрт өсіп, қант тапшылығы болады деген дүрбелең хабар халықты алаңдатып қойды.

Осындай хабарламадан соң тұрғындар сауда үйлерінде ұзын-сонар кезекке тұрып, жаппай қант сатып алуға бастады. Соның салдарынан дүкендерде аталған өнім қалмай отыр. Кейбір жеке кәсіпкерлер осы жағдайды пайдаланып, қант бағасын көтерді. Ал ірі сауда үйлері қантты тәулігіне шектелген мөлшерде шығаруға мәжбүр. Осылайша қант қымбаттағаны рас. Біздің аймақта оның келісі 460 теңгеге жетті. Осы мақаланы жазар кезде де дүкендерге барып, бағаларын салыстырып көрдік. Әрқайсысы әртүрлі бағаны айтып отыр. Жасанды дүрбелеңнің нәтижесінде қантқа сұраныс артып, алыпсатарлықтың көбеюі орын алуда.

Алайда мамандар «Үш айдан кейін қор таусылып, қант тапшылығы болады» деген ақпарат шындыққа жанаспайтынын мәлімдеді. Қант жеткілікті болса, байбалам неден туды? Бұл жерде бір түсініспеушілік болған сияқты.

Бүгінде елде қант тапшылығы жоқ. Сауда желілері мен тұрақтандыру қорларында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының қоры кемі үш айға жетеді. Сонымен қатар қант өндірісі жалғасып жатыр, тоқтамайды. Яғни «үш айдан кейін қор таусылады, қант тапшылығы болады» деген ақпарат шындыққа жанаспайды, – деп мәлімдеді сауда және интеграция министрлігінің ресми өкілі Әлішер Әмірзақ.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Айнұр Маратқызының айтуынша, алаңдайтын ештеңе жоқ. Өндіріс қант тапшылығы болмайды. Себебі Қазақстанның қант өндірісі күнделікті өндірілуде. Ал сырттан алынатын қант көлемі өз деңгейінде жүргізіліп отыр. Нәтижесінде қант қоры үнемі жүйелі түрде толықтырылып келеді. Осыдан 6 жыл бұрын, 2016 жылы да қанттың қымбаттауына байланысты біраз шу шыққан еді. Сол кезде шамамен қант бағасы 300 теңгеден құраған. Енді міне, араға бірнеше жыл салып, ел арасында тағы да осы мәселе туындап отыр.

– Қазіргі кезде облыс бойынша 334,2 тонна шамасында қант қоры бар. Оның ішінде сауда үйлерінде 106,6 тонна, ал тұрақтандыру қорында 100 тонна өнім бар. Бүгінде аймақта 36 әлеуметтік дүкенде және ірі сауда орындарының әлеуметтік дүкендерде және ірі сауда орындарының әлеуметтік дүкендерінде бұрыштарында қант келісі 263 теңгеден сатылуда. Мамандар бірінші кезекте қажет деп табылатын әлеуметтік азық-түліктердің бағасына күн сайын мониторинг жасап отыра. Айта кетейік, алдағы аптада тұрақтандыру қорына «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰҚ» АҚ арқылы қосымша 136 тонна қант келеді. Жыл соңына дейін 3314,8 тонна қант жеткізу көзделуде, – деді Айнұр Маратқызы.

Сонымен қатар «Байқоңыр» ӘКҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Жеңісбек Ахметовтің мәлімдеуінше, алыпсатарлыққа жол бермеу үшін әлеуметтік дүкендерде және бұрыштарда бір адамға 2 келіден босатылуда. Сондай-ақ бағаны тұрақтандыру үшін әлеуметтік дүкендерде және бұрыштарда барлық 19 әлеуметтік маңызы бар өнім нарық бағасынан төмен сатылуда. Бүгінде барлық облыс бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге әкімдіктер бірлесіп, әр өңірге ай сайын тұрақтандыру қорына жеткізілуі ұйымдастырылуда. Барлық өнім қорлары тұрақты түрде толықтырылып отыр. Сондықтан елімізде азық-түлік өнімдеріне тапшылық байқалмайды.

Қазір әлеуметтік желіде халықтың пікірі екі тарапқа бөлінуде. Бірі «Бүгін жұрт тағы да тамаққа таласып жатыр. Себебі 2020 жылы таласып ұған маймынан 5 литр әлі екеуі, бір қап ашылмаған, 5 келі қант, күріштің соңын аштым, горох, гречка дегендер толып тұр. Екінші рет ұрынбаймын» десе, енді бірі қантсыз да өмір сүруге болатынын жарыса жазуда. Азық-түлікті толтырып алғанның еш зиясы жоғын ескертіп жатқандар да бар.

Алайда ҚР Сауда және Интеграция министрлігінің мәліметінше, азық-түлік өнімдерін өндіру тоқтамайды. Барлық қор жүйелі түрде толықтырылады. Бүгінде республика бойынша барлығы 1,5 млн тонна әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті. Оның ішінде ұн – 145,1 мың тонна, қант – 47,6 мың тонна, күріш – 40,2 мың тонна, макарон – 21,3 мың тонна және 1 млн тонна көкөніс өнімдері бар.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ



ҚҰРМЕТ ПЕН ІЗЕТ БАР БҰЛ КҮНДЕ

Көрсету күні дегенде анам айтқан мына әңгіме ойыма оралды. «Бала кезімізде жыл сайын наурыздың 14-і күні үйде бауырсақ пісіріп, жеті күлше тарататын. Үлкендердің амал, Көрсету күні деп айтып жатқандарын талай мәрте құлағымыз шалды. Ата-анамызбен бүкіл ағайын-туысты аралап, көрісіп, дәм татып шығатын едік. Дегенмен бұл мерекенің қадірін бала кезде оңша ұғына бермеген секілдіміз. Қазіргі уақытта бұл мерекенің мағынасын ұғына бастадым. Біраздан бері көріспеген адамдарды қайта жақындастырып, елдегі ынтымақ пен бірліктің нығаюына себеп болатынына көзім жетті», – деген анам бірде бізге сыр ағытып.

Ызғарлы қыс кетіп, шұғылалы көктем келгенде ерекше аталып өтетін мерекенің бірі – Көрсету күні. Бұл мейрам қыстан жұтқа ілінбей, аман шыққаны үшін шүкіршілік ету ретінде тойланады. Наурыз мерекесінің алғашқы күні де осыдан бастау алады. Шығу тәрікші тереңде жатқанымен осы атаулы күнді тойлау енді-енді ғана өрісін кеңейте бастады. Себебі мерекенің маңызы зор. Жаңа жылға аман-есен жеткені үшін әрбір адам осылайша қуаныш білдіреді. Жастар жігіт түсіне бермегенмен, көнекез қариялар уақытында оны қалай тойлағанын жыр ғып айтады. Мағынасы тереңде жатқанын ұғыну қиын емес. Бүгінде ол ел ішінде кеңінен дәріптеліп келеді. «Бұл күні басымыздан Пайғамбар сипайды» деген наным-сенім де болған», – дейді үлкендер. Сондықтан кезінде адамдар таңертең ерте тұрып, үйді тазалап, ауланы ретке келтіріп қоятын болған. Содан кейін іңір қараңғысы түскенше барлық туыстар мен достарды аралап, көрісіп, амандасып шығады. Көрісе келген адамды үй иесі көтеріңкі көңіл-күймен үйіндегі мол дастарханға шақырады. Күн шыққанда есігі ішінен құлыптаулы тұрған үй болмауы тиіс. «Бір жасқа шығуыңмен!», «Қыстан аман шығып, жаңа жылға қадам басуыңмен!» деген ізгі тілектер айтылады.

Бұл мерекеді өткен жылдың ренішін жаңа жылға алып кірмеуі үшін адамдар бір-бірінен кешірім сұрайды. Реніштерін ұмытып, татуласады. Ал жырақта жүріп, ағайын-туыспен көрісе алмаған адам еліне барған күні барлығымен «Жылың құтты болсын!» деп көрісуі керек. Көрісуге келгендерге бауырсақ, тәтті тағамдар үлестіреді. Бұл да «жыл бойы балаларымыз тоқ жүрсін, дастарханымыз мол болсын, қарым-қатынасымызға сызат түспесін» деген ниеттен туған.

Адамдар арасындағы сыйласық, төс қағыстырып, қол алуыс – кейінгі ұрпаққа сабақ боларлық қасиеттер. Мерекені тойлауды Батыс өңіріндегілер дәстүрге айналдырған.

Қазіргі таңда Батыс өңірі ғана емес, Көрсету күнін ел болып тойлауды насихаттау жұмыстары қолға алған. Бұл мерекенің мәнін түсіне білгенге маңызы зор. Себебі қазір кейбір ағайындалар араласуды қойды. Достықтың да аражігі ажырап барады. Көрішпелер үйлеріне бас сұқпайды. Дәл осы тұста бұрынғы қонақжай қазаққа ниет пен бейнемізді сақтап қалуымыз қажет. Сондықтан ағайынмен араласуда, туыстық қатынасты сақтауда бұл мереке ерекше маңызға ие. Амамын тауып осы күні ренжіткен адамнан кешірім сұрап, татуласудың сәті де түседі.

Рухани дүниемізді байыта түсер тағы бір күн қатарға қосылса, нұр-үстіне нұр. Ең бастысы, бір-бірімізге деген дархан көңіліміз бен кең пейіліміз түзу болсын.

Айтұлқын АЙТЖАНОВА

Кеше ҚР Парламенті Мәжілісінің кезектен тыс пленарлық отырысы өтті. Қантар оқиғасынан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарының нәтижелері баяндалды.

Қазіргі кезде Үкімет жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен бірлесіп, мемлекеттік органдардың қалпына келтіру және тәртіпсіздіктер салдарынан зардап шеккен кәсіпкерлік нысандарына келтірген залалды өтеу бойынша жұмыс жүргізуде. Қантар оқиғасы кезінде еліміздің 8 өңірінде 42 мемлекеттік орган ғимаратына залал келтірілді. Бұл – Алматы, Шымкент қалалары, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстары.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫНЫҢ АҚ-ҚАРАСЫ АНЫҚТАЛУДА

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың айтуынша, келтірген шығынның жалпы сомасы шамамен 30 млрд теңгені құрады. Оның ішінде республикалық бюджеттен 18 нысанды қалпына келтіруге 28 млрд теңге бағытталды. «Барлық нысандарға техникалық тексеріс жүргізілді. Қорытындысы бойынша 28 ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ 14 ғимаратқа күрделі жөндеу және реконструкциялау жұмыстарының қажеттілігі анықталды. Бүгінде 21 нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Наурыз айының соңына дейін 5 ғимаратқа, биылғы мамыр және маусым айларында қалған 2 нысанға жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының айтуынша, тәртіпсіздіктер салдарынан туындаған зардаптарды жою жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия осы жылғы 20 қаңтарда ШОБ нысандарына келтірген мүлкікті зиянды өтеу тетігін қабылдады. Өтемақы жергілікті атқарушы орган жанындағы өңірлік комиссиялар келтірген залал көлемін құжат негізінде растағаннан кейін жүзеге асады. Бұл орайда кәсіпкерлер фискалды деректерге сүйене отырып, 10 млн теңгеге дейін өтемақы ала алады. «Төлемдер Үкіметтің резервінен, сондай-ақ жеке қорлар есебінен беріледі. Биылғы 11 наурыздағы жағдай бойынша өңірлік комиссиялар жалпы сомасы 5,3 млрд теңгеге 1630 өтініштің 1 192-сін мақұлдады. Қалған 438 кәсіпкер өтемақыны бағалау рәсімдері аяқталғаннан кейін алады.

Мәжілістің жалпы отырысында «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының сауалына ҚР Бас прокуроры Берік Асылыов ауызша жауап берді.

– Мемлекет басшысы құқық қорғау және арнаулы органдарға қантар оқиғасы себептерін егжей-тегжейлі тергеп, тексеруді тапсырды. Аталған фактілер бойынша барлығы 3770 қылмыстық іс қозғалды. Басым бөлігі ішкі істер министрлігінің өндірісінде. Олар: адам өлтіру, ұрлық, қарақшылық, бұзақылық, қару ұрлау, – деді бас прокурор.

Оның мәліметінше, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеудің заңсыз тәсілдерін қолдау фактілері бойынша 234 іс жүргізілуде. Сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті мемлекетке опасыздық жасау, билікті басып алуға әрекет ету және аса ірі мөлшерде пара алу бойынша 15 істі тергеуде.

Қантар оқиғасына байланысты прокуратураға тергеудің рұқсат етілмеген әдістемесі бойынша барлығы 301 шағым түсті. Оның ішінде асапай және қызметті асыра пайдалануға қатысты 243 қылмыстық іс қозғалған. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте 234 қылмыстық іс қаралып жатыр.

Мәжілісте бас прокурор қантар оқиғасы кезінде құқық қорғау органдарының 3,5 мың қызметкері

жарақат алғанын айтты. Ал республика бойынша барлығы 230 адам қаза тапты. Соның ішінде 19 әскери және қауіпсіздік күштері қызметкерлері бар. Алматы қаласында қаза тапқандар саны 139 адам. Қазіргі кезде 53 қайтыс болған адам өлімінің мән-жайы анықталуда. Олар қала аумағында әртүрлі жарақаттармен, соның ішінде 48 атыс, 2 пышақ жарақатымен табылған.

Сондай-ақ уақытша ұстау изоляторы мен арнайы жайлардан 302 азамат босатылды. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова мәлімдеді. Ал қантар оқиғасына қатысқан 72 адам сотталғаны жөнінде ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов айтты.

– Қазір полицияның тергеуінде 2919 қылмыстық іс бар. Оның мыңнан астамы күдікті қылмыстық жауаптылыққа тартылуда. Мемлекет басшысы жазаны жеңілдететін жағдайларды ескеруді тапсырды. Сондықтан осы 400-ден аса күдіктінің ішінен 219-ы қамаудан босатылды. Ал ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған 184 күдікті қамауда», – деді министр.

Оның дерегіне, тергеу барысында 12 мыңнан астам азаматтан жауап алынып, 2 мыңдай сараптама тағайындалды. Ішкі істер министрінің айтуынша, мүлкікті қор бөлігі ұрланған. Бүгінде 229 айыпталушыға қатысты іс сотқа жолданды. Қазірдің өзінде 72 адам сотталды. Оның бесеуі бас бостандығынан айырылды. Қалғандары басқа жаза бойынша жауапқа тартылған. Айта кету керек, қантар оқиғасы кезінде полицейлер қару қолдануға мәжбүр болды.

– Өкінішке орай, араға арандатушылар қосылды. Нәтижесінде бейбіт жиналыс заңсыздыққа ұласты. Оның ішінде авто және теміржолдар жабылды. Вокзал мен әуежай қызметтеріне тосқауыл қойылды. Қызметтік автокөліктер өртелді. Мемлекеттік органдардың ғимараттары қоршалды. Заң талаптарына бағынбай, қарсылық көрсетілді. Соның өзінде полиция ешқандай күш қолданған жоқ. Бұл жағдайды пайдаланып, мыңдаған бүлікшілер полицияға шабуыл жасады. Олардың жоғары деңгейдегі дайындығы және ұйымшылдығы байқалды, – деді ішкі істер министрі.

Марат Ахметжановтың атап өтуінше, бүлікшілердің әрекеттері нақты тәртіптен ұйымдастырылған. Темірлер, тастар, таяқтар және тағы басқа құралдар пайдаланды. Тек осы сағаттан бастап полиция қызметкерлері адамның өміріне қауіп төндірмейтін арнайы құралдармен жабдықталған. Алайда бүлікшілер мұнымен тоқтаған жоқ. Олар қару-жарақ дүкендеріне, полиция бөлімдеріне, басқа да мемлекеттік органдарға шабуыл жасады. Салдарынан 2800-ден астам қару-жарақ пен оқ-дәрілер ұрланған.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

РЕСЕЙЛІКТЕР ҚАЙДА КӨШУДЕ?

Ресейге батыс елдері салған санкциялардың әсерінен ел ішінде біраз қиыншылықтар орнады. Оның ішінде экономикалық ахуал, бұғатталған әлеуметтік желілер мен әскери режим орнай ма деген қорқыныш секілді мәселелер бар. Санкциялар тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін қиындатып, біраз кері әсер тигізгені анық. Соған байланысты ел ішіндегі азаматтар шетелге қоныс аударуға, жұмыс іздеуге мәжбүр. Осыған байланысты ресейліктер көршілес орналасқан ТМД елдеріне қоныс аударуда деген пікір бар. Бұл қаншалықты рас?

«Хабар 24» арнасына берген сұхбатында Максим Синицын атты Ресей азаматы неліктен елден кеткенін түсіндірген. «Жаппай әскерге шақырту басталады деп қорықтым. Оппозиционер болғандықтан, маған елде қалу қауіпті. Ал Грузияға келу себебін мұнда ұзағырақ қала аламын. Түркияға кетуді ойлағаным, бірақ ол жаққа жету қиын», – дейді ол.

Елден кетіп жатқан ресейліктердің ішінде Қазақстанға да келетіндер бар екен. Олар Қазақстанды дамыған экономикасы, жұмыс үшін қолайлы жағдайы және жағымды миграциялық ережелері үшін таңдайды екен. «Мен Мәскеуде тұрғаным, бірақ өткен аптадан бастап Алматы тұрғанымын. Қазақстан болашағына сенгендіктен осында келдім. Қазір посткөрсеткіш елдер ішінде Қазақстан Ресейден кейінгі ең бай ел», – дейді Алматыға көшіп келген Вадим Новиков «Хабар 24-ке» берген сұхбатында.

Қазақстанда жыл басынан бері 39 000 шетел азаматы уақытша тұруға рұқсат алған. Олардың 9 мыңы – Ресей азаматтары. Бұл ақпандағы статистикаға еш әсер етпеген-мыс Өткен жылы миграция деңгейі дәл осындай болған, яғни

2021 жылы ақпанда 8 700 ресейлік Қазақстанда тұруға рұқсат алған.

«Қазақстанға көшкен компанияларға келетін болсақ, олардың саны аз. Екіншіден, олардың Қазақстанда өкілдері бұрыннан қызмет еткен. Есеп-қисап уақытша тоқтағандықтан, ақша аударымдары үшін өзге елдердегі кәсіпкерлер қолдануға мәжбүр», – дейді коммуникация агенттігінің директоры Утра Гаджиева.

Көптеген компания қызметкерлерін уақытша Қазақстанға ауыстырып, мекенжайын өзгертуді жоспарлап отыр екен. Қызметкерлерге тұрғын үй ақысын төлеп беруге уәде береді. Қазір фирмалар қай қалаға ауысатынын шешіп жатыр. Ал кіріс көзін жоғалттып алмау үшін азаматтар Алматы мен Нұр-Сұлтанға келіп, өз беттерінше жұмыс іздеуге кіріскен.

«Қазір жұмыссыз қалған мамандар саны көп. Мұндай мамандарды біздің агенттік өзіне алуға. Олардың арасында тәжірибесі бар, тіл білетін, біліктілігі жоғары қызметкерлерді жұмысқа орналастыру керек. Сонымен қатар олар кәсіп туралы көптеген ақпараттармен бөлісе алады», – дейді коммуникациялық агенттіктің директоры Андрей Коннов.



Сонымен қатар Финляндияның шекара қызметінің хабарлауынша, ақпан айында Ресей-Финляндия шекарасынан 44000 мың азамат өткен. Өткен жылы бұл көрсеткіш 27000 болған екен. «The Wall Street Journal» басылымының хабарлауынша, автобустар мен пойыздарға билеттердің барлығы сатылып кеткен. Сонымен қатар басылымға берген мәлімдемесінде «VR Group» компаниясы Хельсинки-Петербург бағытындағы пойыздар санын көбейтуді жоспарланғаны айтылған.

Жалпы орын алған оқиғаға байланысты ресейліктер қатарында өзге елге қоныс аударып жатқандары бары анық. Дегенмен олардың көбісі Түркия, Грузия мен Армения секілді елдерге жетуді көздеп отыр. Бұған себеп – көп елдердің Ресейге санкция салып, әуе қатынастарының тоқтауы. Ал қоныс аударушылардың көбісі ел ішінде әскери режим бастала ма деп үрейленуде. Алайда Кремль әлі де болса мұндай режим орнатпайтынын алға тартуда.

А.БІРКЕНОВ

Шығыс Еуропа орталығындағы қақтығыс Қазақстандағы тұрғын үй нарығына да салқын тигізбей қалмады. Жергілікті құрылыс компаниялары тұрғын үй бағасын теңгемен қымбаттатуға, банктер ипотекалық ставкаларды көтеруге мәжбүр. Бұл қазақстандықтардың бір баспанаға қол жеткізсем деген арманына кедергі болмас па екен деген сұрақ та жоқ емес.

Елдегі тұрғын үй нарығы осымен үшінші жыл «қалтырап» тұр. 2020 жылы коронавирустың әсері, 2021 жылы зейнетақы жинағындағы шекті мөлшерден артығын баспана алуға пайдалану тұрғын үй бағасының шарықтауына әсер етті. Ал биыл да бұл сала мазасыз күй кешуде. Доллар бағамының өсуі, құрылыс материалдарының негізгі импортшысы Ресейге салынған санкциялар, Ұлттық банктің ставканы көтеруі секілді мәселелер үй алушылар үшін де, құрылыс салушыларға да оңай болып тұрған жоқ.



Қазір тұрғын үй нарығы аялдамада тұрғандай әсерле. Үй сатушы да, үй алушы да, құрылыс салушылар да «әліптің артын бағайық» дегендей.

«Қазақстан риелторларының біріккен қауымдастығы» президенті Лариса Степаненконың пікірінше, сатушылар әзірге үй сатуға асықпайды. Үй алушылар да. Сатушы да, алушы да әрі қарай не болар екен деп күтуде.

Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, 2021 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда тұрғын үйге деген сұраныс бірден төмендеп кеткен. Халық әзірге үйдің бағасы түсер ме екен деп күтіп отыр.

«Krisha.kz» сайтының 25 ақпандағы дерегі бойынша, Қазақстандағы үш қаржы институты – «Банк Центр Кредит», «Алтын Банк» және «Сбербанк» несие ставкасын қайта қарау мақсатында ипотекалық несие беруді уақытша тоқтатқан. Ал 2 наурыз күні үш банк те ипотекалық несиенің жаңа ставкасын белгіледі. «Банк Центр Кредит» ипотекалық несие ставкасын 2 процентке қымбаттатса, «Алтын Банк» ипотекалық несие ставкасының көтерілгенін хабарлады. Ал «Сбербанк» базалық ставканың

мөлшеріне қарай несиелер ставкасын өзгертенін мәлімдеген.

Тұрғын үй нарығындағы мұндай жағдай құрылыс салушылардың да қолын байлады десек артық айтқандық емес. Сарапшылардың пікірінше, құрылыс салушылар тұрғын үй нарығындағы жағдайдың тұрақсыздығын ескеріп, әзірге құрылыс бастауға тәуекел ете алмай отыр. Доллар бағамының күн сайын құбылуына орай құрылыс материалдарының бағасы қымбаттай түседі. Демек енді үй бағасы да қолжетімді болмайтыны белгілі.

Тәуелсіз сарапшы Жеңіс Шапкеновтің пікірінше, бағаға әсер ететін тағы бір фактор – инфляция. Құрылыс заттарының қымбаттауынан тұрғын үй бағасы да қымбаттайды. Оған жалақы өсуінің де әсері бар. Сарапшының болжамына, тұрғын үй бағасы 5-8 процент қымбаттайды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, ақпан айында тұрғын үйдің бір шаршы метрі 0,4 процентке қымбаттаған. Жайлы тұрғын үйлердің 1 шаршы метр бағасы 5,5 процентке өссе, жалға берілетін пәтердің бір шаршы метр құны 0,6 процентке өскен. Бір жыл ішінде пәтерлердің қайта сату бағасы 24,5 процентке қымбаттаса, жаңа үйлер 14,6 процентке, жайлы тұрғын үйдің арендалық ақысы 19,1 процентке қымбаттаған. Әрине, бұл статистика ақпан айындағы жағдайды

сипаттайды. Мұнан кейін де тұрғын үй бағасы әлі талай құбылатыны белгілі.

Осы орайда белгілі экономист Мақсат Халықтың пікірін білген едік.

– Қазір тұрғын үй бағасының 5,5 процентке қымбаттағанын байқап отырмыз. Тіпті одан да өсуі мүмкін деген болжам да бар. Негізгі фактор – доллардың қымбаттап, теңгенің әлсірегені. Көптеген құрылыс материалын шетелден тасимыз, импорттық тәуелділік бар. Елде құрылыс материалдарын өндіру қай кезде де өзекті болып тұр. Алдағы уақытта құрылыс саласын дамытуға елде көбірек қаражат бөлгені дұрыс. Бірақ барлық құрылысқа қажетті материалдарды өзімізде шығарып, өз-өзімізді қамтамасыз ету керек деп ойлаймын. Сол кезде ғана тұрғын үй бағасы қатты шарықтамайды. Әйтпесе, қымбатшылық бола береді. Жылжымайтын мүлік бағасы ғана емес, көлік бағасы да, тұрмыстық техника да, тұрмыстық химия және гигиеналық заттар да қымбаттап жатыр. Себебі көп зат Ресейден келеді. Қазір Ресейге санкция салынғандықтан, бұл тауарлар Ресейге де келмейді. Енді бізге тікелей тасымалдау жүйесін жолға қою керек. Ол үшін біраз уақыт керек.

P.S. Тенгенің әлсіреуі тек тұрғын үй нарығына ғана емес, экономиканың барлық саласына әсерін тигізуде.

Қызылордалық кәсіпкерлер Үкімет пен «Атамекеннен» көмек сұрап отыр

Украинадағы жағдай, Ресейге салынып жатқан санкциялар қазақстандық кәсіпкерлердің қызметіне айтарлықтай әсер етіп отыр. Осыған сәйкес «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы Үкіметке бизнес мәселелерін шешу жөніндегі жедел штаб құру бастамасын көтеріп, кәсіпкерлердің ұсыныстарын сауалнама арқылы жедел жинақтап жатыр. Бұл туралы облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі хабарлады.

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасына проблемасын айта келген кәсіпкерлер қазіргі жағдайда салаға Үкіметтің қолдауы аса қажет екенін жеткізді.

Елімізде күрші экспортпен айналысатын көшбасшы компания «Абзал және К» толық серіктестігі директорының орынбасары Айгүл Қосмұратова Киевке жіберілген 3 вагон тауардың Ресей аумағында тұрып қалғанын айтты.

«Қазір сол жақтан сатып алушы іздеп жатырмыз. Тапқан күннің өзінде бізге өзіміздің мемлекеттік органдардан көмек керек. Себебі фитосанитарлық және СТ-1 сертификаттарына, өзге де құжаттарға өзгерістер енгізу керек», – деген Айгүл Қосмұратова өзге де мәселелерге тоқталды.

«Абзал және К» ТС өкілінің айтуынша, қазақстандық күршішілер соңғы 10 жылда тауарларының басым бөлігін ТМД-ның Азия бөлігіндегі нарығына шығарады. Ал Ресей Түркия мен Еуропалық Одаққа қарасты елдерге экспорттап келген.

«Санкциялардың салдарынан Ресей ендігі жерде күрші өнімдерін ТМД-ның Азия бөлігіндегі елдеріне шығарса, онда біздің онсыз да арзан өнімдеріміздің құны түсіп кете ме деп қауіптеніп отырмыз. Ал бұл тауарөндірушілер үшін үлкен соққы. Өйткені күрші егуге қажеттінің барлығы қымбаттады», – дейді кәсіпкер.

Күршішілерді алаңдатып отырған тағы бір мәселе – тыңайтқышқа қатысты. Кей тыңайтқыштар мен гербицидтер шет елден келеді екен. Кәсіпкерлер жартылай алдын ала төлем жасап қойған, ал қалғанына енді есеп айырысады. Тенгенің құнсыздануы салдарынан күрші сұртқан келетін тыңайтқыштар бағасы да өседі деген кәсіпкерлер бұл жайт күрші бағасының өсуіне алып келетінін айтады.

«Үкіметтен ауыл шаруашылығы техникаларына арналған утильалым үшін біраз уақытқа мораторий жариялау мүмкіндігін қарастыруды сұраймыз. Бұл осы саладағы кәсіпкерлерге көрсетілген қолдау болар еді», – деді «Абзал және К» ТС өкілі.

Мұнан өзге, кәсіпкерлер ауылшаруашылық техникаларының бағасына, доллардың құбылмалы бағасына орай экспорттың жай-күйіне алаңдаулы екенін жеткізді.

«Жедел штаб қазір белсенді жұмыс жасап жатыр. Кәсіпкерлердің осындай өзекті мәселелерін «Атамекеннің» орталық аппаратына шұғыл жеткізіп, ондағы әріптестерімізбен шешу жолдарын қарастырамыз», – дейді бұл мәселеге қатысты Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірмұхаммед Сыздықов.

ДОЛЛАР ТАҒЫ ҚЫМБАТТАДЫ

KASE Қазақстан қор биржасы 14 наурызда доллардың орташа бағамы 511,06 теңгені құрап, 0,22 теңгеге көтерілгенін хабарлады.

Ұлттық банк Ресей рублінің ресми бағамын 4,42 теңгеге, еуроны - 560,18 теңгеге белгіледі.

Айырбас пункттерінде америкалық долларды 515-519 теңгеден, еуроны – 597-606 теңгеден сатып алады/сатады. Рубль - 4-5 теңге.



КЕРЕК КЕҢЕС

Кәсіп бастауға бел байлағандар «Бизнес бастау» бағдарламасы арқылы грант жеңіп алуды мақсат ететіні белгілі. Биылғы жылға бизнеске грант алуға өтінім қабылдау 1 сәуірден басталмақ.

Биыл барлығы 20 мың грант бөлу жоспарланған. Биыл «Бастау Бизнес» жобасының қатысушылары тағы онлайн оқиды. Оқу 2022 жылғы наурыздың соңында басталады деп жоспарланған.

2022 жылы «Бастау Бизнеске» мына нысаналы топқа жататын тұлғалар қатыса алады:

Жұмыспен қамту санатындағылар:

- Жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар;

- бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер (өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар қатарынан);

- жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі бір жылдан кем);

- жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлғалар.

Әлеуметтік санаттағылар:

- Жұмыссыз жастар (29 жасқа дейін);

- аз қамтылған отбасы мүшелері – атаулы әлеуметтік көмек алушылар;

- Он екі айға дейінгі мерзімге бизнес-жобаны іске асыруда сүйемелдеу;

- Бизнес-идеяны қаржыландыру тетіктеріне қол жеткізу.

Грантқа кімдер үміткер бола алады?

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқудан кейін төмендегі санаттарға жататын қатысушылар жұмыспен қамту орталығынан берілетін 400 АЕК мөлшеріндегі грантқа үміткер бола алады:

- Жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар;

- жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлғалар.

- бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер (өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар қатарынан);

- жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі бір жылдан кем);



- көпбалалы отбасылар – көпбалалы отбасылар бойынша жәрдемақы алушылар;

- қандастар, қоныс аударғандар;

- мүгедектігі бар адамдар;

- мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған тұлғалар үшін.

Оқытуға өтінімдер «Электрондық еңбек нарығы» Мемлекеттік ақпараттық жүйесіндегі Business.Enbek кәсіпкерлік бастамаларды қолдаудың бірыңғай онлайн терезесі арқылы қабылданады.

Үміткер өтінімді порталда бергеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде нысаналы топқа тиесілігі тексеріледі.

Business.Enbek порталында мақұлдағаннан кейін өтінім онлайн-оқудан өту үшін автоматты түрде Atameken Academy порталына жіберіледі.

Құрсты Atameken Academy порталында онлайн оқиды. Оқу ұзақтығы күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен аспайды және тегін өтеді.

Оқыту нәтижелері бойынша қатысушыға тиісті сертификат беріледі:

- оқуды аяқтау туралы сертификатты бизнес-жоспарды дайындаған және бизнес-жоспарды бағалау мен қорытынды тестілеудің қорытындылары бойынша қажетті балл санын кемінде 60% жинаған қатысушылар ала алады;

- оқуға қатысу туралы сертификатты құзыреттілік деңгейін арттырған, бірақ оқу аяқталған кезде әзірленген бизнес-жоспары жоқ немесе бизнес-жоспардан теріс баға алған қатысушылар ала алады.

Оқуды аяқтау туралы сертификат үш жылға жарамды.

Оқу қандай мүмкіндік береді?

- Өз ісін жүргізудің негізгі дағдыларын алу;

- жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлғалар.

Бұл ретте грантқа үміткерлер төмендегі санаттардан болуы тиіс:

- Жастар (29 жасқа дейін),

- аз қамтылған отбасы мүшелері – атаулы әлеуметтік көмек алушылар,

- көпбалалы отбасылар - көпбалалы отбасылар бойынша жәрдемақы алушылар,

- қандастар, қоныс аударғандар,

- мүгедектігі бар адамдар,

- мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған тұлғалар үшін.

- Жоғарыда аталған санаттарға жатпайтын өткен жылдардағы жобаға қатысушылар гранттық қаражатқа үміткер бола алмайды;

- Грантқа үміткерлер жұмыспен қамтудың басқа да қолдау шараларына қатыспауы тиіс;

- Грант бір рет қана беріледі, бұрын алған қатысушылар қатыса алмайды;

- Грант қаражатын тек «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқыту барысында әзірленген бизнес-жоспарға сәйкес пайдалануға болады.

Грантқа қалай өтініш беруге болады?

Оқуды аяқтаған және сертификат алған «Бастау Бизнес» жобасының түлектері Еңбек министрлігінің Business.Enbek порталындағы «Грант» бөлімінде өтініш бере алады.



Бетті дайындаған
Гүлмира
ДИЛІДЖЕБЕКОВА

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА ҚАНША ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ?

2022 жылға:

4 балаға –

16,03 АЕК немесе 49 100 теңге;
5 балаға – 20,04 АЕК немесе 61 382 теңге;
6 балаға – 24,05 АЕК немесе 73 665 теңге;
7 балаға – 28,06 АЕК немесе 85 948 теңге;
8 және одан көп баласы бар отбасыларға 32,06 АЕК немесе 98 200 теңге және одан кейінгі әр бала үшін 4 АЕК.

«КҮМІС ЖАС»: ЗЕЙНЕТКЕ ЖАҚЫНДАҒАНДА ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙСЫЗ

Шынында, зейнет жасына жақындағанда жұмыссыз қалған жандардың қайтадан жұмыс табуы екіталай. Жігерлі жастардың өзі екі қолға бір күрек таба алмай жүргенде елуден асқандарды кім жұмысқа ала қойсын?! Бұл жастағы адамдардың жайы да мемлекет назарынан тыс қалмады. Зейнет жасына жақындап, жұмыс іздеп жүзеге келген азаматтарға «Күміс жас» арнайы жобасы қорған болады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елде 450407 жұмыссыз болса, оның 83 мыңға жуығы 45-54 жас аралығындағы азаматтар. Ал жасы 55-тен асқан 65 мыңнан асқан адамның тұрақты жұмысы жоқ.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі іске қосқан бұл жоба зейнеткерлікке шығуға жақын калғанда жұмыссыз қалған азаматтарды жұмыспен қамтуға үлес қоспақ. Жоба аясында жыл сайын 5000 адам жұмыспен қамтылмақ. Өткен жылы бұл пилоттық жоба ретінде Қарағанды облысында жүзеге асса, биыл барлық өңірде жүзеге аса бастады.

Жоба аясында жұмысқа орналасқан азаматтардың жалақысының 50 процентін мемлекет субсидиялайды. Бір жылдан кейін тұрақты жұмысқа орналасуға да мүмкіндік бар. Айта кетелік, жобаның тағы бір шарты жалақыны мемлекет тарапынан субсидиялау 30 АЕК-тен аспайды. Мәселен, «Күміс жас» жобасымен жұмысқа орналасқан маманның жалақысы 200000 болса, оның 90 мың теңгеден астамы ғана мемлекеттен субсидияланады. Жоба мерзімі – 1 жыл. Ал бір жыл өткен соң қалай болады деген сұрақ көкейіңізде тұрғаны анық. Жұмыс беруші мекеме бір жылдан кейін жоба аясында жұмысқа орналасқан маманға тұрақты жұмыс беруге міндетті.



ШЫРАҒДАН

Екі қызымның жазуы мені шаршатты. Дәптерлерін қарасаң ойы-шойқы. Бірақ «5» деген баға қойылған. Сонда баға қоярда мұғалім көркем жазуына мән бермей ме екен? Тек менің қыздарым ба десем, басқа да оқушылардың дәптерлерінен жазуларының дұрыс емес екені аңғарылады.

Әдемі жазылған жазуды көрсек, «мынау кімнің жазуы?» деп таң қалатынымыз рас. Мектепте де өзге оқушыларды мақтағанда, мен де қалып қоймайын деп көркем етіп жазуға

мүмкін. Кейін ретке келтіру қиын болады. Оның қалыптасуына мұғалім ғана емес, оқушының жеке ерекшелігі де әсерін тигізеді. Ең алдымен баланың әдемі жазуға деген ынтасы болуы қажет. Ол үшін жаймен жазудан бастау талап етіледі. Асығыс жазу баланың каллиграфиясын бұзады. Сондай-ақ жазу процесінде оқушы дұрыс отыру, қаламсапты жөнді ұстауына қадағалап үйретеміз. Дегенмен оқушылар тез жазамын деп көркем жазуды ұмыт қалдырады. Сонымен қатар кей



ӘДЕМІ ЖАЗУ ДА ӨНЕР

тырысатын едік. Бүгінгінің оқушыларында бәсеке жоқ па? Әлде әдемі жазудың қызығына түспей жүр ме?

Көркем жазу – оқушының мектеп табалдырығын аттаған алғашқы күнінен басталады. Оны меңгерудің әр бала үшін маңызы өте зор. Ол – мәдениеттің белгісі әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы. Оның негізгі мақсаты – дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталады. Бұл – аса жауапты да күрделі жұмыс. Өткені сол кезде оқушыларға дыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіп қоймайды. Сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек сауат ашудың міндеті – әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс есте сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, таза, анық жазуға машықтандыру. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы қалыптасады.

Тасбөгет кентіндегі Әбубәкір Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі Акмарал Батырбайқызының айтуынша, көркем жазу баланың әріпті қабылдап, тез меңгеруіне жақсы әсер етеді.

Негізінен, әдемі, сұлу жазудың іргетасы 1, 2-сыныпта қаланады. Біз осы талапқа мән береміз. Бірақ қанша тексерсек те, балада әдемі жазуға ынта жоқ. Осы кезден жазуын жөндемесе одан кейін сол қалпында қалып қояуы

Әлеуметтік желі тағы да шулады. Бұл жолы оқушы ұстазға жекіді. Жай, жекіп қойған жоқ. Балағаттады. Әлеуметтік желі арқылы тараған осы бір сәт қоғамның қызу талқысына түсті.

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ МҰҒАЛІМ ҒАНА ЖАУАПТЫ МА?

Анығын айтсақ, Алматы облысының Талдықорған қаласындағы №4 мектепте 9 сынып оқушысы мұғалімге дауыс көтерген. Өзін-өзі ұстай алмай елгері оқушы ұстазын балағаттаған. Мұғалімнің сөзін ұқпай артық әрекетке барған оқушыға қатысты Талдықорған қаласының полиция бөлімі іс қозғады.

Қоғамды дүр сілкіндірген жағдайға байланысты білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов түсінік берді. Олардың айтуынша, оқушыға қатысты ҚР ӨҚБТК-нің 434-бабының 1-бөлігі (ұсақ бұзақылық) бойынша әкімшілік хаттама толтырылған. Шешімді Алматы облысының көмектестік толғағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қабылдайды.

Көмектестік толғаған балалардың іс-әрекеттері үшін ата-аналардың жауапкершілігі қарастырылған. Осы жағдайға байланысты оқушының ата-анасын жауапкершілікке тарту үшін әкімшілік іс қозғалды. Сонымен қатар белгіленген тәртіппен оқушыны есепке қою және оған психологиялық көмек көрсету туралы мәселе де қаралады, – деген министрлік түсініктемесінде.



Иә, оқиганы көргендер пікірі екіге жарылды. Баланы тәрбиесіз деп сөзкөндер де кездесті. Алайда еш ата-ана балам болсын демедей. Өзгенің баласын сынауға құқымыз да жоқ. Дегенмен жасөспірімнің ұстазына жекуіне не себеп болды екен? Соны саралаған дұрыс.

Өтпелі кезең жасында тұрған баланы тәрбиелеу қиынның қиыны. Мұндай уақытта бар міндетті ұстазға итеріп қоя салуға болмайды. Жауапкершілік кілтін әке мен ана да сезінуі қажет.

– Ана баласына өмір сыйласа, ұстаз – адам баласына ізеттілік, әдептілік нұрын себеді. Ұстаздан

балада үйде қадағалау аз. Онлайн оқу да оқушыларға кері әсер етті. Жауапкершілік азайды, – дейді мұғалім.

«Әдемі жазу – өнер» дейді мамандар. Таза, анық, әдемі жазуды оқу да жеңіл. Әріп таңбасын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттің қалыптасуына ықпалы бар көрінеді. Мәселен, мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлу қажет. Олай болмаса көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуіне әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдікке құштарлығын оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, тыңғылықты болуына, ұқыптылыққа үйретеді.

Қорыта келе «Ғылым қалғып кетсе, қаранғылық бас көтереді» дегендей, заман талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс жүргізу бала тәрбиесіне зор ықпал ететіні белгілі. Көркем жазу емесі біз үшін, бөлшек жастарымыз үшін ешқашан қалыс қалмау қажет.

Айтарымыз, көркем жазу – саналы ұрпақ тәрбиелеуде маңызды іс. Рас, бүгінде елдің көбі компьютерге үйленген жағдайға жетті. Қолына қалам ұстауға құлқы жоқ. Оның зардабы көп. Жазу ойы-шойқы оқушылар көбейді. Ойланамыз. Көркем жазу көзден таса қалып бара ма?

Сіздің балаңыз қалай жазып жүр құрметті ата-ана?

ПАРАСАТТЫ ТҰЛҒА

Ардагер ұстаз Марк Подольский биыл 90 жасқа толады. Парасатты жан өз ісінің үздігі болып қызмет жасаған тұлғалар қатарында.

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «Ұлт жұмысы үлкен жұмыс. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы еректердің жолында жұмыс істеу керек» деген ұлағатты сөзі осы кісіге арналғандай. Қоғамға тиген пайдасы мен қызметі бағаланды. Марк Подольский «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының «Қызылорда облысының құрметті азаматтары» қор коллекциясына құжаттары қабылданған КСРО және Қазақ КСР білім ісінің озаты, «Қызылорда облысының құрметті қайраткері», «Қызылорда облысының құрметті азаматы», «Қызылорда облысының білім беру ісінің үздігі» атағына ие болған.

Біздің мақсат – ардагер ұстаздың архив қорындағы мәліметтерімен көпшілік қауымға таныстыру.

Марк Захарович Подольский 1932 жылы 25 ақпанда Украинаның Смедя қаласында туған. 1947 жылдан

Қызылорда қаласының тұрғыны. 1950 жылы Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумына түседі. 1956 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Оқу-ағарту саласында елу жылдан астам еңбек еткен ұстаз.

Ол еңбек жолын пионер ұйымының жетекшісі, кейін Макаренко атындағы балалар үйінде тәрбиеші болып бастайды. Қаладағы №120 Жамбыл атындағы мектепте мұғалім, 18 жылдай директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. Екі рет облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланған. 1978 жылдан 2002 жылға дейін №198 мектепте директорлық қызмет атқарады. Атақ-даңқы республика көлемінде тараған қадірлі де білікті басшы болған. Қарапайымдылық пен білімге құштарлық, ұжымға қоя білген талаптары арқасында мектеп талай додалан озық шыққан. Оның басшылығымен «Ең жақсы тәртіп пен үлгерім үйі», «Жақсы баға үйі» сияқты жобалар жүзеге асты. Сонымен қатар еңбек тәрбиесіне көңіл бөлді. Мектепшілік тігін және тәттілер цехын ашты. 1-4 сынып аралығында шеберханаларға оқушылар қатыстырады. Оқушылар

еңбек тәрбиесімен қатар өзіндік табыс табуға үйретті. Осы тапқан табыс арқасында үлгерім бойынша және түрлі жарыстардан жүлделі орын алған оқушыларға сыйақы берілді. Өнер мектебі ашылды. Осындай үлгілі істерімен №198 орта мектебі миллионер мектеп атағына ие болды. Талай мықты азаматтың түлеп ұшқан алтын ұясына айналды.

Қор иесінің өз естелігінде былай деген: «Бұл мектеп жөнінде республикалық, облыстық басылымдар жарыса жазды. «Казахстанская правда» газетінің 1991 жылғы 20 маусымдағы санында «Мектеп миллиондары» деген 1 беттік мақала жарияланып, онда № 198 мектептің игі істері баяндалды. Кезінде мектеп оқушылары 1 Мамыр мерекесінде «Біз нарықтық экономикадан қорықпаймыз!» атты ұранмен шықты. Оқушылардың еңбегінен түскен мектептің есепшотындағы қаржыға 12 тігін машинасы сатып алынды. Оқушы еңбегіне қарай жалақы алды, әр оқушыға есепшот ашылды. Мектеп өндіріс орындарына қажетті бұйымдар шығарды. Ауруханаларға қажетті жастық тыстар, төсеніштер тігіп сатып, табыс көзін ұлғайтты» – делінген.

Архив қорындағы жеке тектік құжаттарында 1993 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», «Қызылорда қаласының құрметті азаматы», «Қызылорда облысының құрметті азаматы» құрметті атағының куәлігі, «Ыбырай Алтынсарин», «ҚР Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қызылорда қаласына – 190 жыл», «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл», «Астана», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының куәліктері, Қызылорда облыстық мәслихат депутаттары жиналысының депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамасы, куәлігі, «Қызылорда облысының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің куәлігі, баспасөз бетіне жарияланған мақалалары сақтаулы.

Сөз түйінінде Марк Подольскийдің сұхбатындағы даналыққа толы қанатты сөзін тілге тиек етсек. «Директор шені бар шенеунік емес, ол ұйымдастырушы. Ол – ұстаздардың ұстазы, зиялылығы» деген сөзінен парасатты тұлғасы байқалады.

Дана ҚАЛТАЕВА,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві»
КММ қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының бөлім басшысы

ЖАҢА ЖОБАНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Жас ұрпақтың жан-жақты болуына мүмкіндік беретін жоба «COWORKING» орталығы қазіргі таңда жоғары деңгейде жұмыс атқаруда. Соның дәлелі болар, қаламыздағы бірқатар мектепте іске қосылып, нәтижесін беруде. Өткен аптада К.Қарақөзов атындағы №235 орта мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша «COWORKING» орталығы ашылды.



ОҚУШЫЛАР КЕУДЕСІНДЕ «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ»

Қаланың білімді, талантты, озық ойлы өрендері бүгін «Елбасы медалінің» иегері атанды. Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Ғабит Жаңабаев оқушыларды құттықтап, «Елбасы медалі» табыстады.

Бұл жоба – индустрия, бизнес, ғылым, медицина, білім беру және мемлекеттік басқару саласы бойынша кәсіпқой элитаға лайық оқушылар мен жастарды анықтау, оларға қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылуда.

«Елбасы медалі» алтын, күміс, қола деңгейі бойынша сарапталды. Жоғары оқу орны, колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасынан жоба талабын орындап, оза шапқандар үздік атанады.

Кеудесіне медаль таққан оқушыларды құттықтаймыз!!!

ГЕОГРАФИЯҒА КІМ ҚЫЗЫҒАДА?

«Біліп қана қою – аз, сол білгеніңді істе қолдана білуің керек, ниеттену ғана аз, сол ниетіңді іске асыруың керек». Қазіргі уақытта мұғалімдердің басты ұстанымы – осы.

Бүгінде әлем елдерімен, әсіресе экономикалық жағынан дамыған елдермен тығыз байланыс бар. Осы жағдайда біздің жеткіншектердің қай салада болсын, білім деңгейлері төмен болмауы тиіс. Оның ішінде география пәні маңызды рөлге ие. Кейбіреулер бұл пәнге қызығушылық төмендегенін айтқанмен, айтарлықтай орны бар екенін ұмытпаған жөн. Сол үшін де бұл пәнді қызықтырып оқыту тәсілін қолданған жөн.

Қазіргі уақытта кітап оқудан гөрі, телефонның орны басым болып тұр. Жеке тұлғаны қалыптастырып шығуға ұстаздың орны ерекше. Сол себептен де әрбір шақірт ерекше өз ұстанымы бар тұлға болып қалыптасса деген мақсатта сабақ береміз.

Бұл пәнін оқушылардың белсенділігін, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндігі жоғары. Айта кеткен жөн, әр сыныптың танымдық қызығушылығының тәжірибесі мен даму дәрежесі әртүрлі. Ал әрбір сыныптағы әдіс пен тәсіл оқушылардың танымдық қызметінің белгілі бір деңгейіне есептелінеді. Сондықтан да оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін сәйкес оқыту әдісін таңдай білу керек.

«География» грек тілінен шыққан және «жерді сипаттап жазу» дегенді білдіреді. Адам, жер және жер арасындағы кеңістік байланысты оқытады. Сондықтан бұл пәнге «адам мен физикалық ғылым арасындағы көпір» деп анықтама беруге болады.

География ғылымының өте қызықты да күрделі екенін оқушылар түсінеді. Себебі осы бағытта ұстаздар тынбай еңбек етуде. Ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабақта тиімді қолдану арқылы сабақ мәнін аша түседі.



Географиялық білімді жетілдірудің негізі – оқушының өз бетінше ізденуі. Оқушы кітаппен шектеліп қалмай, қосымша ақпарат іздеуі керек. Зерттеуге арналған тапсырмаларды орындау қажет. Оқытуда түпкі мақсатқа жету үшін мұғалімдер жұмыс істейді. Мен де осы бағытта аса көңіл бөлемін. Қосымша іздену арқылы оқушының даму деңгейі кеңейеді.

Ақтоты ҚОҢЫРБАЕВА,
№143 мектептің география пәнінің мұғалімі

Бетті дайындаған
Айтолқын
АЙТЖАНОВА



Алпысыншы жылдар болса керек, Жазушылар одағындағы әдебиет мәселесіне арналған кезекті бір жиналыста жас ақынның біреуі Сәбит Мұқановтың поэзиясын сыңға ала сөйлейді. Залда отырғандардың үнсіз тына қалғанын арқаланып, әлгі жігіт одан сайын қыза түседі. Сөзінің соңына қарай: «Турасын айтсақ, Сәбит Мұқанов ақын емес», – деп түйіндейді. Жас ақынның өзінен соң іле Сәбәтнің өзі мінбеге шығады: – Жаңағы жігіт мен туралы дұрыс айтты, – дейді Сәбәт жұмсақ даусымен.

– Жас кезімде мен де Абайды ақын емес деп санайтынмын!

«Қазақ энциклопедиясы» баспасы отандық ғылымдардың екі томдық энциклопедиялық анықтамалығын шығарып жатады. Энциклопедияның бірінші томы жарыққа шыққан кезде баспа басшылары оны Мәдениет және қоғамдық келісім министрлігіне көрсетуге әкеледі. Ол кезде министрдің бірінші орынбасары Нұралы Бектұрғанов екен. Бірінші том А әрпінен

басталып, Қ әрпіне жете аяқталыпты. Қалған Я-ға дейінгі материалдарды келесі жылы шығарылатын екінші томға жоспарлап қояса керек.

Нұралы бірінші томды алай парактайды, былай парактайды, кітаптан өзінің аты-жөнін таба алмай, себебін сұрайды.

– Ойбай сіз ғылым докторы ма едіңіз? – деп баспа басшысының бірі вице-министрдің сұрағына қайран қалады.

– Иә, техника ғылымдарының докторымын, профессормын, республика Ғылым академиясының академигімін! – дейді Нұралы сыпайы ғана.

Баспа өкілдері не уәж айтарларын білмей қысылады. Сол кезде бәрін естіп, қастарында отырған Сауытбек Абдрахманов:

– Жігіттер, тұқ те қысылмаңдар! Докторлық диссертацияны тым

ҰЛЫЛАР СӨЗІНЕН

ерте, сонау Кеңес заманында қорғап, жастайынан академик болып алған Нұрекен өзінен көрсін. Мінезі қарапайым, өзгелер секілді өзеурей бермейтін бұл кісінің ғалым екенін ел-жұрты баяғыда ұмытып кеткен... Сондықтан екінші томға «Тұрғанов Нұралы» деп суретімен өмірбаянын басып, соңына сносқа беріндер. Сносқада «Бектұрғанов болып оқылсын» деп ескерткендер – мәселе шешіліп жатыр! – деп, жиналғандарды ду күлдіріпті.

Ел жақтан келген бір ағайын есімі қалың қазаққа белгілі сықақшы, халқымыздың сүйікті ақыны Оспанхан Әубәкіровпен әңгіме кезінде:

– Оспанхан қарағым, ішімдік атаулыны сен мүлдем қойыпты деп естідік қой, сол сөз рас па? – деп сұрайды. Сонда Оспанхан иығын көтеріп, басын шайқап:

– Япырмай, бұныңыз жақсы жаңалық екен... Бірақ, өзім бұл жаңалықты әлі есті-меппін! – деп жауап берінті.



Сонда Сырбай:
– Комедия болған соң күлмегенде қай-теміз! – деп одан бетер иығы селкілдеп қоя берген екен.

Қазақтың әйгілі сәулетшісі, Тәуелсіз Қазақстанның Елтаңбасын жасаушылардың бірі Шота Уәлиханов – хан Уәлидің тікелей ұрпағы, ұлы Шоқан Уәлихановтың ағайыны

екені белгілі. Бірде осы Шөкеңе құрдасы Шерхан Мұртаза:

– Мен осы сенің фамилияңнан қорқамын! – депті. Сонда Шота:

– Фамилияма көленке түсіріп алмасам екен деп, сенен бұрын өзім қорқамын! – деген екен.

Елуінші жылдардың соңында атағы жер жарған полковник Бауыржан Момышұлын Куба мемлекетінің жас лидері Фидель Кастроның өзі арнайы шақыртып, бірнеше күн мейман еткені белгілі. Баукең сол сапарында Кубаның әскер басшыларымен, көптеген офицерлермен, генералдармен кездесулер өткізеді. Сондай кездесудің бірінде олар Баукеңді өздерінің әскери жарғысымен таныстырады. Жарғының бір

бөліміне Бауыржан Момышұлының «шегіну, сосын қайыра шабуылдау» тактикасы да енгізіліпті.

Жарғымен танысқан Баукең оларға:

– Соғыста мен пайдаланған бұл тактика сіздерге жарамайды! – депті. – Шегінде маневр жасайтын жерлерің жоқ, алақандай ғана аралда тұрасыңдар, шегінгендер мұхитқа барып құлайсыңдар! – деген екен.

БАТЫРДЫҢ БАТЫМ АЙТҚАНЫ

Алматыдан Жамбыл қаласына сапарлап бара жатқан атақты батыр, аңыз аға Бауыржан Момышұлы мінген пойыздың вагонына бір стансadan аузы Жайықтай, кеудесі қайықтай, жауырыны қақпақтай, шекесі тоқпақтай, кеудесіне «Социалистік Еңбек ері» төсбелгісін таққан бір піл мойын пенде мінеді. Билетінде көрсетілген орын батыр ағаның купесінде екен. Ол купеге кіріп, ағамен атуі амандасып, «мынаны көрдің бе?» дегендей костюмдегі төсбелгіні қайта-қайта ұстап, Бәукенге қарама-қарсы орындыққа отыра кетеді. Баукең әлгі «баһадүрге» ала көзімен қарап:

– Саған мынау «Социалистік Еңбек ері» деген атақты не үшін берді? – деп сұрайды.

– Әй, көке! Мен совхозда жылқышы болып жұмыс істеймін. Верховный Совет бұл жоғарғы орденді жылына 100 биеден 100 құлын алғаным үшін берген, – деп гүр ете қалады әлгі жігіт.

– Оған сенің қандай еңбегің сінді? Айыр шапты, байтал тапты. Анау атақты саған емес, айғырға беру керек еді, шенек, – депті Бәкен.

Иә, мадақ пен марапатқа мастану да мүгедектіктің бір түрі-ау.

ЖЫМЫ ӨЗГЕРГЕН ЖҰМБАҚТАР

Ти десем, тимейді,
Тиме десем, тиеді.

(Ерін емес, есер)

Ұйықтап жатса сүйкімді,
Шығарар тұрса «итіңді...»

(Сабырлы емес, шайпау)



Пайдалы
кеңес

Желіден оқып желігіп,
Жел көзге тым елігіп...
Газет-журнал оқымай,
Желіге қалма телініп!



ӨКІНІШ

«Ішкені – ірің,
Жегені – желім».
Әр ісіне өкініп,
Әрең алуда демін.

Мәжі айқың мәтелдер

Суда көп бақа-шаян,
«Сотқада» көп өсек-аян...

Өртке сенім жоқ,
Өсекке өлім жоқ...




ШӨЛБАСАР

«Шөлдедім» – деп бір аға,
Кезекте тұр сыраға.
Шұбат емес, су емес,
Шөл басатын сыра ма?!
Қалай, ә!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

ШЫНЫ ШӘЙНЕК

Ас үй – дәмнің мекені,
Дайындалар астың әр түрі,
Салаттар мен самсалар,
Неше түрлі дәм суы.
Стол үсті ыдыстар,
Фарфор ыдыс, хрусталь,
Алтын, күміс жалатқан,
Көз алар сұлу дастархан.
Шат-шадыман қуаныш
Ыдыстар жатыр қуанып,
Атқардық деп міндетті,
Көңілденіп, шаттанды.
Сөз қозғалды шыны шәйнек,
Кеуде қағып сөйледі кеп:
«Мен болмасам сендерге қайда,
Абырой, атак менде ғана.



Байқаған да боларсыңдар,
Конфаттардың жәй күйін,
Келген бойдан шәй сұрады,
Бет сипасқан батадан соң.

Шөліркеп келген алыс жолдан,
Тандайы кеуіп, шеке қызған,
Бір ұрттам шәй ішкеннен соң,
Мақтау айтты маған ғана.
Деп шәйнек масаттанды,
Мақтанудан басы айналды,
Сәлден кейін үй несі,

Байқамай оны құлатып алды,
Өркөкірек шәйнекті,
Құдай осылай жылатып алды.
Быт-шыт болды шәйнегің,

Қирады шыны-әйнегің.
Токтамай сонша мақтанып еді,
Мақтанғаннан жақ талып еді.
Ақыры болды маскара,
Қоқысқа қарай лақтырып жіберді.

Несие

Несие берер банкінің,
Қарға болды бастығы.
Оқығаны қаржы саласы,
Занды болған іс қағазы.

Ара алды кредитті,
Жер алмақшы аумақты,
Айналыспақ кәсіппен,
Бал арасын салмақшы.

Құмырсқа да кәсіпкер,
Егін егін дәнкікен,
Керек болып жұмысқа,
Ол да алды несие.

Түлкі келді бір күні,
Мақсаты дүкен ашақшы,
Сауда саттық ойында,
Мол табысқа батпақшы.

Көзі қаракты қарға да,
Тізімге бәрін іледі,
Зандастырып ай, жылын,
Қайтарымын күтеді.

Уақыты келіп несиеңің,
Есептесер күн келеді,
Қайтарыпты уақытыңда,
Құмырсқа мен ара ғана.

Ендігі кезек түлкіде,
Қарызды қайтар, іркіме.
Қарға отыр деп шіркін,
«Пениямен сілкіме».



Қасқыр да болды қарыздар,
Бүркіт те болды қарыздар.
Арыстан да құтылмады,
Оның да үстінен арыз бар.

Үстемесі өсер кезде,
Өсімпұл да еселенер.
Пайызы аз деп берер кезде,
Қақпас қарға бөсе берер.

Сәл болса да мен бүгін,
Кенес берсем бола ма?
Ақылдан болса басында,
Несиеге жолама!

Рысбек ТООБЫЛОВ



Бетті дайындаған
Ақтілек БҒІМБАЙ

ОСПАНХАННЫҢ ОСЫП АЙТҚАНЫ



Белгілі жазушы, сатирик Оспанхан Әубәкіров кешкілік көшеге шығып, үйінің алдында серуендеп жүрсе керек. Сол маңда кезекшілікте жүрген екі миллионердің біреуі:

– Аға, олай-бұлай неғып кезіп жүрсіз? – депті.

– Әй, қалқаларым-ай, адам болған соң жүреді (і) те, ит болған соң үреді (і) те, – деген екен Осаған.

«Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі» деген осы да.

Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы нәзіктер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4258

Тансырыс №372

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БҒІМБАЙ